

МИКРОЭКОНОМИКАНЫ ТАЛДАУДЫҢ ӘДІСТАМАСЫ

Орындаған: Қазалиев Әділ
2017 ЖЫЛ

Микроэкономика

- 1) кәсіпкерлердің, кәсіпорындардың, тұтынушылардың мінез - құлқын бағалау мен зерттеуге негізделетін экономикалық талдау әдісі. Классикалық мектептің экономистері іргелі зерттеулер арқылы экономика ғылымының тармағы ретінде микроэкономикалық талдау жүргізді. Кейін микроэкономикалық талдаумен қатар Микроэкономика саласындағы зерттеулер біртұтас экономика ғылымын құрады;
- 2) экономика ғылымының шағын ауқымды үдерістеріне, субъектілерге, кәсіпорындарға, фирмаларға, кәсіпкерлерге, олардың шаруашылық қызметтеріне, олардың арасындағы экономикалық қатынастарға қатысты зерттеулермен байланысты бөлімі. Микроэкономикада негізінен тауар өндірушілер мен тұтынушыларға, олардың қажеттілік, баға, шығын, пайда ескерілетін өндіру, сату, сатып алу, тұтыну көлемі жөніндегі шешімдеріне баса назар аударылады. Микроэкономика субъектілердің нарықтық мінез - құлқын, олардың арасындағы қарым-қатынасты, өндірушілер, кәсіпкерлер және мемлекет арасындағы бөлісті, айырбасты, тұтынуды зерделейді. Микроэкономиканың негізгі бөлімдері: тұтынушы теориясы; фирма және нарықтық құрылым теориясы; монополия мен бәсеке мәселелері; мемлекет пен жеке сектордың өзара іс-қимылы мәселелері; еңбек рыногін талдау, табысты бөлу мәселелері.

- Микроэкономика жеке өндірушілердің қызмет-әрекеттерін, кәсіпкерлік капитал мен бәсекелік ортаның қалыптасу заңдылықтарын зерттейді. Мұнда жеке тауарлардың бағасы, жұмсалған ресурстар, шығындар, фирманың қызмет атқару механизімі, бағаның құрылуы, еңбекке ынта және т.б. жағдайлар талданады. Микроэкономика дәрежеде қоғамдық дәрежедегі пропорцияларды анықтайтын бастапқы (алғашқы) пропорциялар қалыптасады.

Микроэкономикалық зерттеулер бірнеше іргелі алғышарттардан туындайды:

- ▣ экономикалық атомизм: микроэкономика өздігінен шешім қабылдап, соны іске асыратын экономикалық бірліктерге көп көңіл аударады.
- ▣ экономикалық рационализм — экономикалық субъектілердің ұтымдылық қимылын болжауы.

Микроэкономиканы талдаудың әдістамасы

- Микроэкономикалық талдаудың негізгі ерекшелігі шекті немесе маржиналдық талдау. Бұл талдау экономикалық іс-әрекеттердегі өзгерістерді зерттейді, яғни экономикалық субъект тек қана жалпы түсім мен жалпы шығындарды ғана салыстырмайды, сонымен қатар, өнім мөлшерін көбейткендегі қосымша түсім мен қосымша шығындарды да салыстырады.

Микроэкономиканы талдаудың әдістамасы

- Микроэкономикада функционалдық талдауға да үлкен мән беріледі. Бұл зерттеуді жүргізгенде экономикалық өзгерістер кезіндегі басты көрсеткіш анықталады, ал содан кейін оған әсер ететін факторлар іздестіріледі. Сөйтіп олардың арасындағы тәуелділікті функция көмегімен көрсетеді. Микроэкономиканың жоғарыда қарастырылған ерекшеліктері экономикалық модельдер құрғанда анық байқалады.
- Кез келген модельде айқын және айқын емес түрде белгілі болжамдар болады. Әр түрлі құбылыстар, олардың қасиеттері, сонымен қатар олардың өзара байланыстары символдық түрде, соның ішінде сандық және айнымалы шамалармен бейнеленеді. Модельдерде экзогенді және эндогенді деп аталатын екі экономикалық айнымалылар қолданылады.

Микроэкономиканы талдаудың әдістамасы

- Позитивті және нормативті талдау
- Позитивті талдау — болуы мүмкін жағдайларға байланысты жүргізіледі. «Егер сапалы өнім көп боса, онда пайда да көп болады».
- Нормативті талдау — заңдылықтар мен нормативті-құқықтық негіздерге сүйеніп жүргізіледі. Онда не орындалуы қажет екендігі туралы ереже беріледі. «Тауар сапалы болуы керек».
-

Назарларыңызға
рахмет!

<http://7kun.kz/34485/>

2017 ЖЫЛ